

МРНТИ 16 21 07

М.Сабыр¹, Б. Жексенғалиев²

¹Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы. Орал қ., Қазақстан

²Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі БҚО филиалының төрағасы. Орал қ. Қазақстан

МӘНГІЛІК ТІЛГЕ БАСТАР ЖОЛ – ТІЛДІҢ ТАБИҒИ БОЛМЫСЫН САҚТАУ

Аннотация: Ғасырлар бойы тілді өзге тілдер ықпалынан қорғап келген үндесім заңы қазақ тілін оқыту әдістемесінің, тілдің орфоэпиялық нормаларының және жаңа ұлттық жазудың тірегі болғанда ғана қазақ тілінің ажары кіріп, қазақ сөзінің сәні келеді, қазақ сөзі құлақ күйі кеткен емес, құлақ күйі келген домбыраның қоңыр үні болып болашаққа жетпек. Ұлттық сана жаңғыруының басты шарты – төл ұлттық әліп-би қабылдау.

Тірек сөздер: қазақ тілі, оқыту әдістемесі, орфоэпиялық норма, ұлттық жазу

¹М.Сабыр, ²Б. Жексенғалиев

¹Профессор Западно-Казakhstanского инновационно-технологического университета, доктор филологических наук
Уральск, Казахстан

²Председатель отделения ЗКО Международного общественного объединения «Қазақ тілі»
Уральск Казахстан

ПУТЬ К ВЕЧНОСТИ ЯЗЫКА – В СОХРАНЕНИИ ПРИРОДЫ ЯЗЫКА

Аннотация: Закон сингармонизма, веками защищавший язык от влияния других языков, стал опорой методики преподавания казахского языка, орфоэпических норм языка и новой национальной письменности. Главное условие возрождения национального сознания - это создание национального алфавита.

Ключевые слова: казахский язык, методы обучения, орфоэпическая норма, национальная письменность

M. Sabyr¹ B., Zheksengaliev²

¹Professor of West Kazakhstan Innovation and Technological University, Doctor of Philology. Uralsk, Kazakhstan

²Chairman of the WKO department of the International Public Association «Kazakh Tili». Uralsk Kazakhstan

THE WAY TO THE ETERNITY OF LANGUAGE IS TO PRESERVE THE NATURE OF LANGUAGE

Annotation. The law of synharmonism, which for centuries protected the language from the influence of other languages, became the mainstay of the teaching methods of the Kazakh language, the orthoepic norms of the language and the new national script. The main condition for the revival of national consciousness is the creation of the national alphabet.

Keywords: the Kazakh language, teaching methods, orthoepic norm, national writing system

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы мемлекет құраушы ұлт қазақ қауымы көптен күтіп жүрген құнды мәселелерді көтерді. Қоғамға жаңа сілкініс әкеліп, көңілге жылу ұялатып, болашаққа сенім туғызды. Елбасы рухани жаңғырудың басты қағидаларын, алдағы міндеттерді елеп-екшеп берді. *«Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу»*, – деп атап көрсетті. Ұлттық код неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ, ұлттық кодтың басты тірегі – тіл, әдебиет, тарих, ұлттық мәдениет, ата-баба дәстүрі. Уықты басқұр сақтаса, ұлтты дәстүр сақтаған. Бұлар – қазақ қауымын әлемдік басқа ұлттардан ажыратып, өзіндік бет-бейнесі бар ұлт екенімізді көрсетіп тұрған негізі атрибуттар. Осылар әлсіресе, бұзылса, сақталмаса, зерттелмесе, ұлттық бейнеміз де бұлдырай бастайды. ХХІ ғасырда жаһандануға жұтылып кетпеу үшін ана тіліміздің, мемлекеттік тіліміздің әлеуеті, қызметі әлеуметтік өмірдің бар саласында өркендеуі қажет.

Мақалада көрсетілген таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру. Елбасыға жүгінсек, **«латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру ерекшеліктеріне байланысты»**. Қазақ әліпбиін латын графикасына ауыстыру – заман талабы. Бұл еліміздің әлемдік интеграцияға кірігуіне, түркі әлемімен байланысымыздың нығаюына, дүниежүзіндегі тарыдай шашылған қазақтың басын біріктіруге игі ықпал етеді.

Жаһандану кезеңінде бәсекеге қабілетті тіл болудың негізгі шарттарының бірі ұлттық жазуға байланысты екенін ескерген Елбасы мәселені нақты қойды. **«2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек»**.

Үстіміздегі жылдың 11 қыркүйегінде Парламент тыңдауына ұсынылған латын жазуының жобасы қоғамда қызу пікірталас тудыруда. Бұл жобаның басты артықшылықтары: қазақ әліпбиінің 42 әріптен 25 әріпке қысқарғандығы, басы артық белгілердің болмауы, компьютер пернетақтасынан шықпағандығы және әлемге кең тараған ағылшын әліпбиіне негізделгендігі. Дегенмен, бұл әліпбидің қазақтың төл дыбыстық жүйесін берудегі күрделі таңбалар ұсынуы көпшіліктің түсінбеушілігін туғызуда. Кейбір орыс тілінен енген дыбыстардың сақталуы, сөз жоқ, екіұдай емле ереже жасауды тағы қайталаймыз деген сөз. Сонда тіліміз қалай жаңғырады? ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың соңғы бір сұхбатында: *«Қазақ тілінде ц,ю,я әріптері жоқ. Японияны қазақтар Жапония дейді. Ч, ю,я,ь,ъ белгілері жоқ. Яғни біз осы әріптерді қолдану арқылы нағыз қазақ тілін бұрмаладық. Сондықтан бұл маңызды шара және онда ағаттыққа жіберуге болмайды»*, – деген сөзіне сүйене отырып, ұсынылған әліпбидің құрамындағы қазақ

тіліне жат «ц, ф, и, в, ч» дыбыстары таңбаларын, тіпті араб-парсы тілінен енді деп әспеттеп жүрген «х, һ» дыбыстары таңбаларын да алып тастау қажет.

Егер әліпби құрамында бұл дыбыстар қалса, емле-ережемінде қиындықтар туындайды. Яғни қазақ сөзі үшін бір ереже, жат сөздер үшін екінші ереже қабылдауға тура келеді. Бұл өз кезеңінде орфографиямызды қиындатады.

Бүгінгі қолданыстағы емле ережемінде «и»мен «у» бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыстарды таңбалайды деген келеңсіз ереже бар. Осындай қиындықтардан арылу үшін қазақ тілінде екі дауысты қатар келмейді деген ережеге арқа сүйеп, орыс тілінен енген «и» әрпін алып тастап, қазақ сөздерінде (тиын – тыйын, биік – бйік) бұл әріпті қос дыбыстың таңбасы ретінде, ал «у»-ды дауыссыз дыбыс деп танып, у-дың алдында келетін ұ, ү дыбыстарын мойындап, ереже қабылдаған дұрыс (суу, туу).

Жаңа әліпби құрамындағы диграфтардың барынша азаюын қалаймыз. Өйткені кейбір сөздер тым ұзарып кетейін деп тұр. Дауыссыз дыбыстардың диграфын қалдырып, дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарын беруде ағылшын тілінде бар, яғни барлық интернет бағдарламаларда еркін қолданылатын апострофты (жіңішке дыбысты білдіретін дәйекше) алған жөн.

Жаңа әліпби туралы әңгімеде тіл мамандарымен бірге жалпы зиялы қауымды толғандырып отырған қазақ тілінде **өзге тілдерден енген сөздерді** қолдану туралы мәселесі. Әліпби жобаларындағы ең басты проблема да осы мәселеден туындап отырғаны рас, яғни кірме әріп таңбаларын әліпби құрамына алу немесе алмау. Әрине, өзге тілден сөз алмайтын тіл жоқ. Әңгіме сол сөздердің қолданылуында.

Халықаралық термин сөздерді қолдануға қатысты күні бүгінге дейін ғылыми дәлелденген бірыңғай ережеміз жоқ екені аян. Сондықтан да қазіргі кезде қазақ тіліндегі терминдер мәселесіне, халықаралық сөздерді қолдануға байланысты қазақ ғалымдары арасында ортақ пікір болмай тұр. Кейбір жалпы қолданыстағы кірме сөздерді қазақ тілінің заңымен айту мен жазу үрдісі басталды да және бұл тіл тынысын ашатын дұрыс қадам. Орыс тілінен еніп, қолданыста жүрген бірнеше сөздердің (*зауыт, тауар, пошта, кәбіл, режім, сілесір, төкір*) жазылуын Мемтерминкомның ресми түрде қайта бекітуі қоғамда түрлі сұрақтар туғызды. Бұл үрдісті кезінде А.Байтұрсынұлы қалыптастырған басқа тілден енген сөздерді тіл заңына бағындырып алу жолына, яғни «жат сөздерге қазақы шапан жабу» дәстүріне қайта оралу деп сипаттауға болар еді. Мәселе осы қағидагтың жартылай болмысында болып тұр. Тіл тұтынушыларында заңды сұрақ туындайды. Бұл ереже неге барлық кірме сөздерге бірдей қолданылмайды? Мысалы: *экономика, техника, профессор, фестиваль* т.б. Әлде қазақы заңға бағынып жазылатын тек тұрмыстық сөздер ме? Қазақ тілінің заңы «*төкір мен сілесірге*» жүріп, «*министр мен профессорға*» әлі келмей ме? Бұл – термин сөздердің қолданылуына қатысты біз әлі нақты, тәуекел шешім қабылдай алмай отырғандығымыздың белгісі. Ал тіл болашағы үшін халықаралық сөздердің қазақ тілі заңына сәйкес айтылым, жазылым нормаларын реттеудің, емле ережелеріне өзгерістер енгізудің уақыты жетті деп ойлаймыз. Тіл мәңгілік болу үшін ол өзінің табиғи болмысын сақтау керек. Ал тілдің табиғи бол-мысы сақталуы үшін тіл өзінің заңымен өмір сүруі керек. «*Тіл болса, оның заңы боларға керек*»[1, 391].

Сонымен бірге бұл өзгерістерді қолдамаушылар да бар. Орыс тілінің заңдылығымен жазылып, айтылып жүрген термин сөздерді қызғыштай қорып отырған бұл ағайын тоталитарлық жүйе қалыптастырған кешегі менталитеттен арыла алмай отыр. Халықаралық сөздердің қазақ тілі заңымен қолданылуы олар үшін сауатсыздық пен артта қалғандықтың белгісі іспетті. Жаңа әліпби жобаларында шет тілден енген сөздерді жазу үшін керек деп, тіл табиғатына жат таңбаларды қайтадан тықпалап отырғанымызды

басқаша қалай түсіндіреміз. Бұл арада біз кешегі кеңестік тіл саясаты қалыптастырған жағдайдан егемен ел болған бүгінгі күні де толық құтыла алмай отырғанымызды ашық айтқанымыз жөн.

Жалпы бір тілдің айтылым, жазылым жүйесінде екінші тілдің заңдылығы қатар қолданылуы мүмкін емес. Қолданылған жағдайда ол тіл табиғаты мен болмысының өзгеруіне, бұзылуына әкеледі. Әлемдік тәжірибеде жүздеген тілдердің жойылуына әкелген осы тілдік ықпал екені белгілі. Орыс тілінен енген сөздерді орыс тілі орфографиясымен жазу туралы арнайы ереже қабылданған кезден бері қазақ тілі де бұл ықпалдың тіл бұзар әсерін тікелей сезініп отыр. XX ғасыр басында осы мәселе көтерілгенде Алаш зиялылары бекер дабыл қақпаған екен. *«Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады»* [2, 97]. Алаш зиялыларымен үндес ойды кезінде ұлы жазушы М.Әуезов те айтты: *«Орыс тілі мен шетелдер тілінен алынған атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған сияқты. Мысалы, орыс тіліне француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағынып айтылады да, жазылады да. Біздің грамматикамызда осы жөнінде асыра сілтеу, сыңаржақтық бар сияқты»* [3, 262].

Туған тілдің болашағын ойлаған Мұқанның осы бір сөздері бүгін айтылғандай. Қазақ тіліндегі жат тілдік заңдылықтар және халықаралық сөздердің қазақ тілінде айтылымы мен жазылымы мәселесі қазіргі жағдайда тіл болашағымен тікелей байланысты мәселеге айналды.

Жат сөздердегі жат дыбыстық нормалар жеке сөздер айтылымына ғана емес, қазіргі қазақ сөзінің жалпы сөйлеу интонациясына әсер ете бастады. Қазақ сөзінің саздылығы мен әуезділігі жұтаңдап, бояуы кете бастауының басты себебі де тіл бұзар жат тілдік заңдылықтарда жатқаны анық. Орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа шет тілдерден енген сөздерді орыс тілі ережелерімен айту, жазу тәсілінің ана тілімізге ықпалы қандай болғанын бүгінде қазақ ғалымдары ашық айтып отыр.

«Күндердің күнінде «орыс тілінде таза сөйлеудің» емес, керісінше қазақтарды өз ана тілінде «орысша сөйлетуге қажет алдын ала жасалған шара екендігін біз енді ғана түсіне бастадық» [4, 27].

«Шынында, ойсыз-күйсіз жан ауыртпай, даярға ұмтылу салдарынан тіліміздің шырқын 70 жыл бойы бұзып келгенімізді ашып айтар кез келді. Сонау 30-жылдардың орта шенінен бас алған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді» [5].

«Енді, міне, ғалым аңсаған еркіндік заман келіп жетті, алайда мәңгүрт санамызға сіңіп қалған сол тіл бұзар емле ережелерден құтылу оңай болып отырған жоқ»[6].

Жалпы әлемдік тәжірибеде өзге тілден енген сөздерді өзгертпей алатын тіл жоқ. Сол сияқты халықаралық термин сөздердің ортақ қолданылу, жазылу ережесі де жоқ. Әр тіл өз сөздік қорындағы кірме сөздерді өз тілінің емле ережесімен жазып, дыбыс заңдылығымен айтады. Ол заңды да. Біз орыс тіліндегі нұсқасын пайдаланып жүрген түбі латын, грек сөздерінің ағылшын, неміс, француз, түрік тілдерінде қолданылуына назар аударайық. Мысалы:

Адвокат (лат. Advocates – құзырлы), advocate (ағыл), avocat (фран), advocat (нем), avukat (түрк);

Аттестация (лат. attestatio – куәлік), аттестаттау, dattectation (ағыл), attestation (фран.);

Декрет (лат. decretum – шешім), decree (ағ), decret (фр), decret (нем), karamname (түрк);

Лицензия (лат. licenta – құқық, еркіндік), licence (ағыл.), lizenz (франц.), ruhsatname

(түрк);

Сол сияқты орыс тіліндегі түркізмдердің қолданылуы да осы тұжырымға әбден келіп тұр. *«Беркут, аким, капкан, курган, аул, камыш, арбуз»* т.б. Ал біз осы мәселеде қашан түпкілікті шешім қабылдаймыз? *«Дүниеде бір де бір тілде, оның ішінде орыс тілінің өзінде де, бұрын-соңды қолданылмаған, тіл табиғатына жат»* [4, 27] тәсілден қашан арыламыз? Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына бағынуы керек.

Кез келген тілдің терминкор қалыптастырудағы міндетті түрде қолданатын қағида-ты – халықаралық терминдерді пайдалану. Бұл қалыпты да өркениетті үрдіс. Бұл арада бізге ештеңе ойлап табудың қажеті жоқ. Туған тіл тарихына көз салайық. Түркі тілдері ішіндегі ең бай тілдердің бірі қазақ тілінің сөздік қоры ғасырлар бойы өзге тілдерден сөз қабылдау арқылы да толығып келді және ол сөздердің тілге сіңіп кеткені соншалық, тіпті кірме төркінін ажырату оңай емес. Орыс, араб тілдерінен келген мыңдаған сөздер (*самаурын, кереует, болыс, үстел, пойыз, дәптер, кітап, қалам, молда* т.б.) қазақтың төл сөздеріндей, өйткені олар тіл заңына ба-ғынып қолданылуда. Сондықтан жоғарыдағы сөздердің (*кәбіл, сілесір, төкір*) тіл заңына сәйкестендірілуі дұрыс. *«Қазақ тілінде үн-дестік заңы бар екені рас болса: Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек»* [2, 98]. Тек бұл жекелеген сөздерге емес, тұтас өзге тілдерден алынған сөздерге қатысты ереже болып емлеге енгізілуі керек. Әрине, қазіргі жазу жүйесі мен емле ережелеріне үйреніп қалған қауымның бұл өзгерістерді бірден қабылдауы қиын болар. Дегенмен туған тілімізді азып-тозудан сақтап қаламыз, болашақ ұрпаққа асыл қалпында жеткіземіз десек, тілдің жазу заңына өзгеріс қажет.

«Қазақ тілі терминологиясы жазу емле ережелеріне тікелей тәуелді. Яғни термин сөздер үшін бөлек емле жасалмайды, ол ортақ ережеге бағынады. Ендеше емле ере-жемізде термин сөздерді жасау, қабылдау жөнінде жіберілген өрескел қатені түзеу қажет» [5]. Академик Ө.Айтбаевтың бұл пікірі осы бағытта атқарылар істің бағыт-бағдарын анық көрсетіп тұр деп ойлаймыз.

Енді бүгін тарих ұлт пен ұлт тіліне даму мен өркендеуге жана мүмкіндіктер беріп отырғанда жаңа әліпбиімізде тіліміздің Ата заңына өріс беру арқылы ғана біз тілімізді табиғи таза қалпында сақтап қала аламыз. Ол мүмкіндік – қазақ тілінің сөздік қорын-дағы барлық сөздерді(өзге тілден енген сөздерді қоса) **сингармонизм заңы**, яғни **үндесім** нормалары бойынша қолдану.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 132 б.
- [2] Қазақ білімпаздарының тұңғыш сыйезі. –Алматы, 2005. – 15 б.
- [3] Әуезов М. Шығармалар жинағы. 19 т.
- [4] Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы, 2003. – 65 б.
- [5] Айтбаев Ө.А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы. //Егемен Қазақстан. – 25.09.2017 ж.
- [6] Жүнісбек Ә. Төл әліпби – төл жазу. –Алматы, 2017. – 30 б.